

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 26 маусымдағы № 213 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 2 шілдеде № 7246 болып тіркелді

Примечание РЦПИ.

В тексте документа сохранена пунктуация и орфография оригинала.

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабының 1, 2-тармақтарына, Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 25 қарашадағы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңына сәйкес Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің осы қаулыға қосымшаға сәйкес тізбе бойынша кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Шығыс Қазақстан облысы мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің облыс аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысы әкімі

Д. Ахметов

Шығыс Қазақстан
облысы әкімдігінің
2020 жылғы 26 маусымы № 213
Қаулысына қосымша

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің күші жойылған кейбір қаулыларының тізбесі

1. Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 10 желтоқсандағы № 338 "Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде нөмірі 4351 болып тіркелген, 2015 жылғы 16 ақпанда "Әділет"

ақпараттық-құқықтық жүйесінде электронды түрде, 2015 жылғы 15 ақпандағы "Дидар", 2015 жылғы 13 ақпандағы, 2015 жылғы 16 ақпандағы "Рудный Алтай" газеттерінде жарияланған).

2. Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 2 тамыздағы № 242 "Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 10 желтоқсандағы № 338 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде нөмірі 4666 болып тіркелген, 2016 жылғы 21 қыркүйекте Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде, 2016 жылғы 20 қыркүйекте "Дидар", 2016 жылғы 20 қыркүйекте "Рудный Алтай" газеттерінде жарияланған).

3. Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 2 тамыздағы №243 "Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жобаларды басқару жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде нөмірі 4662 болып тіркелген, 2016 жылғы 23 қыркүйекте Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде, 2016 жылғы 4 қазандағы "Дидар", 2016 жылғы 4 қазандағы "Рудный Алтай" газеттерінде жарияланған).

4. Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 28 сәуірдегі № 117 "Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 10 желтоқсандағы № 338 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде нөмірі 5062 болып тіркелген, 2017 жылғы 20 маусымда Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде, 2017 жылғы 27 маусымда "Дидар", 2017 жылғы 27 маусымда "Рудный Алтай" газеттерінде жарияланған).

5. Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 10 маусымдағы № 192 "Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде нөмірі 6023 болып тіркелген, 2019 жылғы 29 маусымда Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде, 2019 жылғы 6 шілдеде "Дидар", 2019 жылғы 6 шілдеде "Рудный Алтай" газеттерінде жарияланған).